

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Сынып: мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5 жас


Жоспардың кезеңі : 16-20 қаңтар айы 2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау 8³⁰					
Ата –аналармен әңгімелесу кеңес беру,балаларды жан-жақты қарап қабылдап алу,дене қызуын бақылау,ата-анасынан түнгі ұйқысы қалай болғандығын сұрау,күнделікті мектепке әкеліп,алып кетулерін қадағалау. Мәдени-гигиеналық әрекеттер мен дағдылар,ұйымдастыру шаралары ,балалардың қызығушылығына,көңіл күйіне назар аудару Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8⁴⁰-8⁵⁰					
Таңғы жаттығу 8⁵⁰-8⁵⁵ Гимнастика №1					
Балалармен ойындар ҰІӨ дайындық	1.Сөйлеуді дамыту 2. Математика негіздері 3. Сауат ашу негіздері 4. Дене шынықтыру	1. Қоршаған ортамен танысу 2. Қазақ тілі 3. Көркем әдебиет 4. Музыка	1. Сауат ашу негіздері 2. Математика негіздері 3. Қазақ тілі 4. Дене шынықтыру	1. Сөйлеуді дамыту 2. Қоршаған ортамен танысу 3. Көркем әдебиет 4. Музыка	1.Сауат ашу негіздері 2. Математика негіздері 3.Шығармашылық іс-әрекет 4.Дене шынықтыру


Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын «Торғай мен мысық» Ойын барысы: Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді. М.Зверевтің «Су торғайы» әңгімесін оқу «Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: «Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1) Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши	1.Қоршаған ортамен танысу Ш. Мәмбетовтің «Бейбіт өмір солдаты» өлеңін мәнерлеп оқу Демонстрациялық материалдармен жұмыс. «Жерде, әуеде, суда» ойыны. Шарты: жерде, әуеде, суда қызмет ететін сарбаздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. Педагог «Жерде» деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. «Әуеде» деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. «Суда» дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді. Балаларға Ұлы Отан соғысы және атақты қаһармандар туралы әңгімелеу. Дәптермен жұмыс 1.Артық суреттерді тап. Белгіле.	1.Сауат ашу негіздері «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойыны Ойын барысы: Сөйлемдегі іс-әрекеттерге қарама-қарсы сөздерді айту 1. Үміт жылады, Іңкәр ... (жыламады) 2. Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. (шулап) 3. Ардақ жазып отыр, Асыл ... (жазбай отыр) 4. Қыздар биледі, ұлдар ... (билемеді) 5. Ақтөс үрді, Күтжол ... (үрмеді) Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Ойын барысы: Балаларға қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста» Жаттығу барысы: Қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздермен жауап беру керек. 1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)	1.Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын «Торғай мен мысық» Ойын барысы: Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді. М.Зверевтің «Су торғайы» әңгімесін оқу «Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: «Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1) Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда.	1.Сауат ашу негіздері «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойыны Ойын барысы: Сөйлемдегі іс-әрекеттерге қарама-қарсы сөздерді айту 1. Үміт жылады, Іңкәр ... (жыламады) 2. Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. (шулап) 3. Ардақ жазып отыр, Асыл ... (жазбай отыр) 4. Қыздар биледі, ұлдар ... (билемеді) 5. Ақтөс үрді, Күтжол ... (үрмеді) Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Ойын барысы: Балаларға қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста» Жаттығу барысы: Қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздермен жауап беру керек.
----------------------------------	--	--	---	--	--

– шие.Шө-шө-шө – шөп. 2)Аш-аш-аш – ашық. Ұш-ұш-ұш – ұшқыш. Ыш-ыш-ыш – қыш. Өш-өш-өш – көш. Қадыр Мырза Әлидің жаңылтпаштарың балаларға айтқызу: 1)Шемішке шақсан шақ, Шапшаң шақ. Шөбіңді шапсан шап, Шапшаң шап. 2)Жоғалды бес шыбыш, Жоқ әлі еш сыбыс. Жоқ әлі еш сыбыс, Жоғалды бес шыбыш. Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?» Ойын шарты: Берілген суреттерден жақсы және жаман істерді тауып көрсету керек Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. 2.Математика негіздері Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атандар» Ойын барысы: Балаларға айналасынан қандай заттардың көп екенін(орындықтар, үстелдер,қарындаштар,	2.Ардагерлерге арналған «Женіс күні» атты ашықхаттың суретін сал. 2.Қазақ тілі Дидактикалық ойын «Бұл кім?». Ойын барысы:Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады. Дыбыстық жаттығу Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап-қолғап Ұ-ұ-ұ-ұл-құл-құ-лақ-шын. Тақпақ жаттау: Мен естияр баламын, Өзім кие аламын. Көйлегімді, күртемді, Аяккиім, пәлтемді. Інімді де үйретем, Жөн жобамды көрсетем. Е.Өтетілеуұлы Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Ойын барысы: Балаларға киім түрлері мен суреттері беріледі. Айтылған киімді қайталап суретін тақтаға іледі Дәптермен жұмыс 1.Киімдерді ата. Қыста қандай киім киеді? Кім	2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.) 3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.) 4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.) Ойын: «Дұрыс қос» Ойын барысы: тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады. 1. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант). 2. Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе). 3. Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос (асқабақ, қызанақ). Ойын-жаттығу: «Сөз таңда» Ойын барысы:Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.	Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие.Шө-шө-шө – шөп. 2)Аш-аш-аш – ашық. Ұш-ұш-ұш – ұшқыш. Ыш-ыш-ыш – қыш. Өш-өш-өш – көш. Қадыр Мырза Әлидің жаңылтпаштарың балаларға айтқызу: 1)Шемішке шақсан шақ, Шапшаң шақ. Шөбіңді шапсан шап, Шапшаң шап. 2)Жоғалды бес шыбыш, Жоқ әлі еш сыбыс. Жоқ әлі еш сыбыс, Жоғалды бес шыбыш. Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?» Ойын шарты: Берілген суреттерден жақсы және жаман істерді тауып көрсету керек Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. 2. Қоршаған ортамен танысу Ш. Мәмбетовтің «Бейбіт өмір солдатты» өлеңін мәнерлеп оқу Демонстрациялық материалдармен жұмыс.	1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.) 2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.) 3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.) 4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.) Ойын: «Дұрыс қос» Ойын барысы: тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады. 1. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант). 2. Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе). 3. Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос (асқабақ, қызанақ). Ойын-жаттығу: «Сөз таңда» Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады.
---	---	--	--	--

кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады. Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» Балаларға «Түрлі түсті Куйзенер санаутаяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастырады Топпен жұмыс Дәптермен жұмыс 1,2,3,4-тапсырмаларды орындау «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 8-беттегі № 6 тапсырманы орындау 3.Сауат ашу негіздері «Мамандықты тап» ойыны Ойын барысы:Балалар сұраққа жауап беру арқылы қандай мамандық иесі екенін табу 1. Науқасты кім емдейді? (<i>Дәрігер</i>) 2. Шашты кім қияды? (<i>Шаштараз</i>) 3. Үйлерді кім салады? (<i>Құрылысшы</i>)	не киеді? Дөңгелектерді сәйкестендіріп боя 3.Көркем әдебиет Жақсы мен жаман Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып. Дидактикалық ойын «Мен қандаймын» Ойын барысы: Балаларға сұрақ қойылады сәйкесінше балалар сол сұраққа жауап береді – Сен қандай баласың? (<i>Мен әдепті баламын.</i>) – Арман, сен қандай баласың? (<i>Мен жақсы баламын.</i>) т.б. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам». Ойын барысы: Мақалдың басы айтылады, балалар жалғастырады Туған жерге туыңды ... (<i>тік</i>). Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (<i>жер ырысы</i>). Дәптермен жұмыс Суретте не бейнеленген? Қай баланың ісі дұрыс? Қай баланың ісі дұрыс емес?	Мақал – сөздің мәйегі. 1) Оқу ... құдық қазғандай. <i>и-не, кү-рек, қа-сық.</i> 2) Ата көрген ... жонар оқ, оқ-тау, ер. 3) Ана көрген ... пішер. <i>жсей-де, тон, көй-лек.</i> 4) Асықпаған арбамен . . . алады. <i>тұл-кі, қо-ян, а-ю.</i> Дәптермен жұмыс 1.Дыбыстық талдау жаса 2.Үзік сызықтарды бастыр 2. Математика негіздері Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атандар» Ойын барысы: Балаларға айналасынан қандай заттардың көп екенін(орындықтар, үстелдер,қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады. Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» Балаларға «Түрлі түсті Куйзенер санаутаяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды	«Жерде, әуеде, суда» ойыны. Шарты: жерде, әуеде, суда қызмет ететін сарбаздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. Педагог «Жерде» деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. «Әуеде» деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. «Суда» дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді. Балаларға Ұлы Отан соғысы және атакты қаһармандар туралы әңгімелеу. Дәптермен жұмыс 1.Артық суреттерді тап. Белгіле. 2.Ардагерлерге арналған «Женіс күні» атты ашықхаттың суретін сал. 3.Көркем әдебиет	Суреттегі заттардың атын буынға бөледі. Мақал – сөздің мәйегі. 1) Оқу ... құдық қазғандай. <i>и-не, кү-рек, қа-сық.</i> 2) Ата көрген ... жонар оқ, оқ-тау, ер. 3) Ана көрген ... пішер. <i>жсей-де, тон, көй-лек.</i> 4) Асықпаған арбамен . . . алады. <i>тұл-кі, қо-ян, а-ю.</i> Дәптермен жұмыс 1.Дыбыстық талдау жаса 2.Үзік сызықтарды бастыр 2.Математика негіздері Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?» Ойын барысы: Балаларға суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. Шар неге ұқсайды? (қарбыз,доп, глобус) Цилиндр неге ұқсайды? (кружка,тақанға) Текше неге ұқсайды?(текшелер, сыйлық қорапшасына).
---	--	--	--	--

	4. Көмірді кім табады? (<i>Шахтер</i>) 5. Кітапты кім жазады? (<i>Жазушы</i>) Дидактикалық ойын «Түсіне қара» Ойын барысы: Балаларға көк түсті геометриялық пішіндерді көрсеткен кезде дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді айту керек 1)көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке</i> 2) көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл</i>	Дұрысын – жасыл, дұрыс емесін қызыл түспен белгіле. 4.Музыка Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович). Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйрену Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). <i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарында ойнауды үйрету	ұзындықтарының өсу ретімен орналастырады Топпен жұмыс Дәптермен жұмыс 1,2,3,4-тапсырмаларды орындау «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 8-беттегі № 6 тапсырманы орындау 3. Қазақ тілі Халқымыздың ұлттық киімдерінің түрлері өте көп. Кең байтақ даламыздың табиғатына, ауа райына байланысты киім түрлерінде де ерекшеліктер бар. Дәстүрлі ұлттық киімдер іштік, сырттық, сулық, бір киер, жыл мезгіліне, жас ерекшелігіне қарай ер, әйел, бала киімі болып бөлінеді. Күнделікті киімдер қарапайым, ыңғайлы тігілсе, жиын - тойға арналған түрлері одан күрделі әрі сәнді етіліп, нәзік талғаммен інжу - маржан, меруерт, ақық, шыны моншақтармен әшекейленіп, жібек, алтын, күміс жіптермен кестеленіпті. Қазақ даласына Ұлы Жібек жолындағы керуендер	Ертегі- әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады. Орыс халқының «Алтын балта» ертегісін мәнерлеп оқу «Бөлшектерінен тап» ойыны Ойын барысы:Балаларға кез-келген аң құсқа байланысты сөздер айтады.Балалар ол қандай аң немесе құс екенін табады. 1. Көз, ауыз, желбезек – ... (<i>балық</i>) 2. Бас, қанат, аяқ – ... (<i>құс</i>) 3. Құлақ, көз, жал – ... (<i>жылқы</i>) 4. Бас, мүйіз, сақал – ... (<i>ешкі</i>) Дидактикалық ойын «Не істеу керек?» Ойын шарты: Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу. Дәптермен жұмыс 1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда.Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір. 2.Жұмбақты шеш	«Санау» дидактикалық ойыны  Ойын барысы: Балалар суретке қарап қанша үшбұрыш,төртбұрыш, дөңгелек бар екенін табуы керек – Барлығы қаншашаршы(сопақша а,шеңбер,үшбұрыш)? –Барлығын неше кішкентай шаршы (сопақша,шеңбер)? –Барлығы қанша үлкен шаршы (сопақша, шеңбер)? –Барлығы қанша кішкентай,үлкен фигуралар бар? –Қанша қызыл (көк, сары, жасыл ...) - фигуралар бар? –Қандайфигураларды ң түсі көбірек (мөлшері, пішіні)? –Белгілі бір бағанда немесе қатардақанша үлкен (кіші) фигура бар? –Қай қатарда түсі (өлшемі, пішіні) бойынша пішіндері көп?
--	---	---	---	---	--

	3) көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, раугаш, лалагүл, марғау, мал, мерген</i> Дидактикалық жатығу «Буынға буын қос» Жаттығу барысы: Балаларға сурет көрсетіліп бірінші буын айтылады, екінші буынды балалар табу керек Мысалы: ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, Дидактикалық жаттығу «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта» Жаттығу барысы: «ә», «м», «р» дыбыстары айтылады. Балалар		арқылы әкелінген пүліш, атлас, барша және басқа матадан тігілген сәнді киімдер қыз - келіншектердің келбетіне көрік қосса керек. Дидактикалық ойын «Тақияны тап» Ойын барысы: Балаларға суреттер беріледі. Суретте көрсетілген қыз бен жігіттің тақияларын сәйкестендіреді  Дидактикалық ойын «Кім жылдам» Ойын барысы: балалар суреттер берілген қыз бен жігітке киімдерді топтастырып, киім үлгісіне атау береді. Жасау уақыты: 1-2 минут  4. Дене шынықтыру	4. Музыка Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович). Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйрену Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). <i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарында ойнауды үйрету	«Домалайды – домаламайды» дидактикалық ойыны Ойын барысы: Балалар егер аталған зат домаласа, қол шапалақтайды, егер домаламаса, аяғын топылдатады. Мысалы, қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, сәбіз, банка, жапырақ, апельсин, үйшік, доп. Дәптермен жұмыс 1,2,3,4- Тапсырмаларды орындау «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 14-беттегі № 18 тапсырманы орындау 3. Шығармашылық іс-әрекет «Фотоаппарат» ойыны Ойын шарты: Сұрақтарға жауап беріп суреттерді тақтаға ілу 1) Жан-жағына алақ-жұлақ етіп келе жатқан аң? 2) Апанында ұйықтап жатқан аң? 3) Ағаштың басында
--	--	--	---	--	--

	дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны, соңында болса көк жалаушаны, ортасында болса екі жалаушаны да желбіретеді. -р- (<i>ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаи, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару</i>) -ә- (<i>әтеі, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке</i>) -м- (<i>мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір</i>) Дәптермен жұмыс: 1.Суретті ата 2.Дыбыстық талдау жаса 4.Дене шынықтыру «Көктемге саяхат» «Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза.		«Ең ептілер» ойыны. Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді. «Қаңбақтар» (3 рет) Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады  Омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу. Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.		жаңғағын кеміріп отырған сүйкімді аң? 4)Аяғының ұшымен, білдірмей жүріп, қулығын асырып жүретін аң? Балаларға еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтау туралы ескерту жасау Түрлі түсті қағаздармен жұмыс жасау: Балалар қоян, сәбіз, қар т.б геометриялық пішіндерді қайшымен қыйып бөліктерді бір біріне қосып таза қағазға жабыстырады. 4.Дене шынықтыру Динамикалық жаттығу Жүру, жүгіру кезінде спорттық жаттығулармен кезектестіріп, түрлі бастапқы қалыптарға тұрады: «малдас құру», отыру, отырып тірену, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тіземен тұру «Тақия тастау» (4рет) Тік нысанаға допты иықтан жоғары алға
--	---	--	--	--	---

	Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады. «Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді). «Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады). «Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды). «Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі). «Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді). «Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз). «Жаз» «Секіртпе» Қысқа секіртпеден секіру. Жаттығуды топтарға бөлініп орындауға болады. Топтар алмасып келесі жаттығу түрін орындайды.				қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру. Тік нысанаға допты бір қолмен лақтырады. Иықтан жоғары алға  қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп бар күшімен лақтырады. Нысананың тура ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады. Тыныс алу жаттығулары
--	--	--	--	--	--

	Секіртпеден секіру кезінде аяқтың (тігінен) және қолдың (айналмалы) қимылдарын үйлестіруге тырысады. Тренинг: «Жүрек»				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту Сақтық шаралары Жолда жүру ережелері Жолда жүгірме, бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе!	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас гигиенасы, Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру	Жолда жүгірме, бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе!

